

## Қалалық індетке қарсы төтенше комиссиясы туралы

### *Күшін жойған*

Алматы қаласы Әкімінің шешімі. 2002 жылғы 16 қыркүйектегі N 132. Алматы қалалық Әділет басқармасында 2002 жылғы 3 қазанда N 470 тіркелді. Күші жойылды - Алматы қаласы әкімінің 2006 жылғы 7 наурыздағы N 33 шешімімен

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 03.06.1996 жылғы NN№685 " Республикалық індетке қарсы төтенше комиссиясы туралы", 28.08.1997 жылғы N №1298 "Төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жоюдың Мемлекеттік жүйесі туралы" Қаулыларына сәйкес халықты және аумақты жұқпалы аурулар індеттердің пайда болуынан, жайылмауды алдын алу және жою, адамдарды жаппай уланудан сақтау, жануарлардың эпизоотиялық жағдайымен өсімдіктердің зақымдануы бойынша барлық меншік түріндегі атқарушы органдар, мекеме, кәсіпорын, ұйымдардың қызметін үйлестіру мақсатында, Алматы қаласының Әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Алматы қалалық індетке қарсы төтенше комиссиясы құрылсын.
2. Қалалық індетке қарсы төтенше комиссия Ережесі және оның дербес құрамы бекітілсін (NN№1, N 2 қосымшалар).
3. Аудан әкімдеріне - бір ай мерзім ішінде аудандық індетке қарсы төтенше комиссиясы құрылсын және оның қызметінде қалалық індетке қарсы төтенше комиссиясы туралы Ережесі басшылыққа алынсын.
4. Алматы қаласы Әкімінің 2002 жылғы 26 сәуірдегі NN№78 "Қалалық індетке қарсы төтенше комиссия құрамы туралы" шешімінің күші жойылған деп танылсын.
5. Осы шешімнің орындалуын бақылау Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары Қ.А.Бүкеновке жүктелсін.

А л м а т ы                      қ а л а с ы н ы ң

*Әкімі*

А л м а т ы                      қ а л а с ы                      Ә к і м і н і ң  
2 0 0 2                      ж ы л ғ ы                      1 6                      қ ы р к ү й е к т е г і  
N 132 шешіміне NN№1 қосымша

### **Қалалық індетке қарсы төтенше комиссиясы туралы ЕРЕЖЕСІ**

1. Қалалық індетке қарсы төтенше комиссиясы Алматы қаласы Әкімнің тұрақты қызмет органы болып табылады.

2. Комиссия өз жұмысында " Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар туралы ", " Халықтың санитарлық-эпидемиологиялық салауаттылығы туралы "

З а ң д а р ы н ,

" Төтенше жағдайлардың алдын алу және оны жоюдың Мемлекеттік жүйесі туралы ", "Республикалық індетке қарсы төтенше комиссиясы туралы" Қаулыларын, басқа да халықты және аумақты аса қауіпті жұқпалы аурулар таралуынан қорғау және оны жою бойынша нормативтік-құқықтық актілерді басшылыққа алады.

3. Комиссия құрамы Алматы қаласы Әкімінің шешімімен анықталады және бекітіледі. Комиссия төрағасы Алматы қаласы Әкімінің бірінші орынбасары болып табылады (лауазымы бойынша).

4. Комиссияның негізгі міндеттері:

1) Алматы қаласы аумағына аса қауіпті және карантиндік жұқпалы аурулардың жайылуын, таралуын және шекараны санитарлық қорғау, жануарлардың эпизоотиялық жағдайы және өсімдіктердің зақымдануын, адамдардың жаппай улануы және жұқпалы аурулар індетін алдын алу және оны жоюға бағытталған барлық меншік түрлеріндегі (ары қарай-занды тұлғалар) атқару, мемлекеттік және басқа да органдардың, кәсіпорындар, мекемелер, ұйымдардың қызметін үйлестіру.

2) Аудандық індетке қарсы төтенше комиссия қызметтерін үйлестіру және әдістемелік басшылықты жүзеге асыру.

3) Аса қауіпті және карантиндік жұқпалы аурулардың пайда болуы және таралу жағдайындағы денсаулық сақтау органдарының дайындығына бақылауды ұйымдастыру .

4) Халықты аса қауіпті және карантиндік жұқпалы аурулардан қорғау бойынша індетке қарсы іс-шаралардың орындалуы жолында резервтік және материалдық-техникалық құралдарды өз уақытында жинақтау, жаңарту және қолдануға бақылау жасау .

5) Халықты және ұйымдарды аса қауіпті және карантиндік жұқпалы аурулардың таралуына жол бермеу шаралары жөнінде, қажетті қауіпсіздік туралы ақпараттармен хабардар ету.

5. Комиссия өз өкілеттілігін жергілікті атқару органдарымен, ведомстволармен, сондай-ақ, қоғамдық бірлестіктермен өзара әрекеттесу арқылы жүзеге асырады. Комиссия шешімі кепілдеме сипатқа ие және эпидемиологиялық сипаттағы төтенше жағдайларды алдын алу және оны жою бойынша іс-шаралар өткізудегі Төтенше жағдайдағы іс-әрекеттер және алдын-алу бойынша Мемлекеттік Жүйесінің басқару органдарымен санасады.

6. Комиссияның ұйымдастыру құрылымына Қазақстан Республикасы Төтенше жағдайлар жөніндегі Агенттігінің аумақтық органдары, атқару,

денсаулық сақтау органдары, мал дәрігерлік, қоғамдық тәртіпті сақтау және басқа да мүдделі құрылымдар кіреді, өкілеттері болса, адамдардың өмірі мен денсаулығын сақтау мәселелерін шешеді.

#### 7. Комиссия құқығы:

1) Комиссия жұмысына қажетті ақпараттарды барлық меншік түріндегі шаруашылық жүргізуші субъектілерден, ұйымдардан, мекемелерден, жергілікті атқару органдарынан алуға.

2) Алматы қаласы Әкімшілігіне індетке және эпизоотияға қарсы іс-шаралар жүргізуге байланысты карантиндік-шектеу шараларын енгізу және алу туралы ұсыныстар жасауға.

3) Адамдарды және жануарларды, жүктерді індет ошақтарынан алыс жерге ауыстыруға енгізілген шектеулерді сақтау барысында басқа да шектеу шараларын орындауда бақылауды жүзеге асыру.

4) Жұқпалы аурулар індеттерін және адамдардың жаппай улануына, аса қауіпті ауруларды болдырмауға бағытталған шешімдерді, өкімдерді, ескертулерді дайындауға.

5) Адамдар арасындағы жаппай улану оқиғасы, жұқпалы аурулар эпизоотиялары індеттерін таратуға, жұқтыруға себепкер жеке және заңды тұлғалар болатын болса, оларды Қазақстан Республикасы Заңнамасына сәйкес жауапқа тарту туралы қатысты органдарға материалдарды жіберуге.

6) Жергілікті атқару органдар, кәсіпорын және ұйымдар лауазымды тұлғаларының, комиссия құзырына қатысты мәселелері бойынша, соның ішінде, санитарлық-профилактикалық, індетке және эпизоотияға қарсы іс-шараларын орындау, жұқпалы аурулар профилактикасы бойынша олардың қабылдаған шаралары туралы есептерін тыңдауға.

7) Адам өмірі мен денсаулығын сақтау мәселелері бойынша мақсатты бағдарламаның орындалуына талдау жасауға бюджеттің бөлінген қаражатты бағдарламалық іс-шараларды мақсатты орындауға жұмсауға.

8) Алматы қаласында орналасқан ғылыми-зерттеу институтының кәсіпорын және ұйымдардың, мекемелердің мамандарын талдау, сараптау және тағы басқа да жұмыстарға жұмылдыруға, баулуға.

9) Карантиндік және аса қауіпті жұқпалы ауруларды болдырмау және таратпау бойынша шаралар, халықты санитарлық ағарту бойынша қажетті қауіпсіздіктер туралы ақпараттарды бұқаралық ақпарат құралдарында қолдануға.

10) Қалалық және аудандық Әкімшіліктерінің, Алматы қалалық Мәслихатының қарауына - жұқпалы аурулар деңгейін түсіруге және профилактикаға байланысты, сонымен қатар, тамақтан улануды алдын-алу мәселелері бойынша ұсыныс енгізуге.

8. Комиссия өз қызметін-төрағаның бекітуімен жасалған жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырады. Комиссия мәжілісі қажеттілігіне қарай, тоқсанына бір рет өткізіледі. Комиссия төраға қолы қойылған Қаулыны қабылдайды, егер ол болмай қалған жағдайда, төраға міндетін атқару орынбасарына жүктеледі.

9. Осы Ережеде анықталған міндеттерді орындау үшін Комиссия Алматы қаласы Әкімінің тұрақты органы және құрам бойынша қоғамдық құрылымы бола отырып, комиссия төрағасымен келісілген номенклатура бойынша жеке іс қағаздарын жүргізеді.

10. Комиссия жұмысының ұйымдастырылуын қамтамасыз етуін теңдей етіп, Алматы қалалық санитарлық-эпидемиологиялық басқарма және Төтенше жағдайлар жөніндегі басқармасы жүзеге асырады.

11. Комиссия өз қызметі туралы қала Әкімін жүйелі түрде хабардар етіп отырады.

*Әкімшілік хатшысы*

Алматы қаласы Әкімінің  
2002 жылғы 16 қыркүйектегі

№ 132 шешіміне №2 қосымша

**Алматы қалалық індетке қарсы төтенше комиссиясының  
ДЕРБЕС ҚҰРАМЫ**

1. Қайрат Ахмадиұлы - Алматы қаласы Әкімінің  
Бөкенов бірінші орынбасары, қалалық  
індетке қарсы төтенше комиссия  
төрағасы
2. Виталий Николаевич - қалалық санитарлық-  
Шеянов эпидемиологиялық басқарманың  
бастығы, комиссия төрағасының  
орынбасары
3. Бауыржан Бейсенұлы - қалалық төтенше жағдайлар  
Ысқақов жөніндегі басқарма бастығы,  
комиссия төрағасының орынбасары
4. Күнайым Мақбозқызы - қалалық санитарлық-  
Сариева эпидемиологиялық басқарма  
бастығының орынбасары,  
комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

5. Тұрарбек Мәжілұлы - Алмалы ауданының Әкімі  
Асанов
6. Владимир Николаевич - Әуезов ауданының Әкімі  
Устюгов

7. Амангелді Кәрімұлы Кәріммолин - Бостандық ауданының Әкімі
  8. Әмір Құлмаханұлы Құлмаханов - Жетісу ауданының Әкімі
  9. Владимир Алексеевич Васильев - Медеу ауданының Әкімі
  10. Борис Константинович Малиновский - Түрксіб ауданының Әкімі
  11. Василий Николаевич Девятко сақтау Департаментінің бастығы - Алматы қалалық денсаулық сақтау Департаментінің бастығы
  12. Қалмұханбет Нұрмұханбетұлы Қасымов - Алматы қалалық Ішкі Істер Бас басқармасының бастығы
  13. Рыскелді Әбілханұлы Жандарбеков басқармасының бастығы - Алматы қалалық кеден басқармасының бастығы
  14. Бақыт Бақыұлы Атшабар ғылыми Орталығының директоры - Қазақ карантиндік және аймақтық жұқпалы аурулар аймақтық жұқпалы аурулар ғылыми Орталығының директоры
  15. Босатхан Ұлдарбекұлы Ұлдарбеков қалалық басқармасының бастығы - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі аумақтық қалалық басқармасының бастығы
  16. Қыдыр Қасымбекұлы Тәжібаев басқармасының бастығы - Алматы қалалық қаржы басқармасының бастығы
  17. Александр Идорович Ким меңгерушісі - Алматы қаласы Әкімі аппараты денсаулық сақтау бөлімінің меңгерушісі
- Әкімшілік хатшысы*